



Qyzylyjar nury

Gazet 2005 jyldyń 1 qańtarynan
shyǵa bastady
Elektrondy poshta kzlgar_n@mail.ru

Petropavl qalalyq qoǵamdyq-salası gazeti
№12 (747) 29 naýryz 2019 jyl

Qala tarıhy

Петропавл қаласының тарихын жазушылардың ішінде Леонид Кузнецовтің есімін ерекше атауға болады. Ол – 1913 жылы Петропавлда жарық көрген “Ақмола облысы Петропавл қаласының қысқаша тарихи очеркі” еңбегінің авторы.

Очеркте автор: “Әулие Петр бекінісі үшін таңдалып алынған орын сауда-саттық қарым-қатынасы үшін ыңғайлы еді, өйткені, бұл маңнан Орта Азиядан шыққан керуендер жолы өтетін, ал бекініс орнатылғаннан кейін көшпенділердің шабуылынан төнген қауіп сөйілді. Осы жағдайларға орай Әулие Петр бекінісі Хиуа, Бұқара және Ташкентпен айырбас сауданың басты қосынына айналды. Аз-аздап Есіл өзенінің жасыл жағалауына Ресейге көшіп кеткен бұқаралықтар, ташкенттіктер және ішкі губерниялардың татарлары қоныс тебе бастады. Бастапқыда орыстар олардың қатарынан тек әскери отряд құрайтын”, – деп жазады.

Леонид Кузнецов өз еңбегінде 1795 жылы Қасымов деген қазақ Екатерина II патшайымның рұқсатымен Әулие Петр бекінісінде қазақ даласындағы алғашқы тас мешіт салғаны туралы дерек келтірген. Ойқалада орналасқан мешіт бертін келе ысырылып тасталған.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Великий Новгород қаласының тумасы, Ленинград мемлекеттік университетінің түлегі Александр Семеновтың (1905-1974) Петропавл қаласының тарихы туралы қолжазбалары сақтаулы. XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңында Александр Семенов Петропавлға жер аударылған. Оның “Петропавл қаласы 200 жыл ішінде (1752-1952)” деген тарихи очеркі 2010 жылы автор қайтыс болғаннан кейін жарық көрді. Бұл еңбегінде автор мұрағат материалдары мен жазбаша дереккөздерге сүйене отырып, қала тарихын хронологиялық ретпен

суреттейді. Ол өз кітабында қала мен оның орналасқан жерінің бір-бірімен байланысына тоқталып: “Қазіргі Петропавл қаласының орнында қазақтардың сүйікті қотаны – Қызылжар шатқалы орналасқан”, – деп жазады.

Т.В.Макарованың (1933-2015) 2008 жылы басылып шыққан “Петропавл: тарих беттері” кітабында Александр Семеновтың 1952

өкіметі Тобыл-Ертіс өзендерінің аралығы Қазақстанға тиесілі екендігімен санасуға мәжбүр болып, оның бойына “Қасірет белдеуі” деп аталған бекіністер салу мәселесі бойынша Орта жүздің билеушісі Абылаймен ақылдасты, өйткені, бұл аумақ оның ұлысының құрамына кіретін.

Қазақтар Қызылжар деп атаған осы қауіпсіз жерге сол (1752) жыл-

жылдың желтоқсанында үкіметтің өкімімен Әулие Петр бекінісінде сауда-саттыққа рұқсат берілді”.

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеуші, 1832 жылы Санкт-Петербург қаласында басылып шыққан “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ” ордалары мен даласының сипаттамасы” атты үштомдықтың авторы Алексей Левшин “Абылай ханның

қызметі кеңес тарихнамасында объективті түрде бағаланбады.

Ц.А.Белиловскийдің 1887 жылы Томск қаласында жарық көрген “Ақмола облысы Петропавл қаласының медициналық-статистикалық және санитарлық очеркі” кітабынан қаланың қай бөлігін қазақтар мекендегенін оқып білеміз: “Татар слободкасы тек татар және қазақ тұрғындарынан құрылған”.

1896 жылы “Жаратылыстану және география” ғылыми-көпшілік журналының №3 санында белгілі орыс саяхатшысы әрі жазушысы Константин Носиловтың “Оңтүстік-Батыс Сібір бойынша” деген мақаласы жарық көрген. Онда автор біздің қала туралы әсерімен бөліскен: “Міне Петропавл. Алдымызда, теп-тегіс, тап-таза даланың, өзеннің үстінде, биік те құламалы жағалаудың бойында қазақтардың нағыз ордасы құсап көсіліп жатыр. Алыстан қарағанда қала әдемі. Бұл – қазақтардың ұлы даланы билеу үшін жаратылған нағыз астанасы. Бұл қаланың кейпі Тобылды еске түсіреді”. Автор өз мақаласында қазақ даласындағы қаланың шығысқа төн реңкің көрсете білген: “тұрғындарының бет-өлпеті басқаларға ұқсамайды, сөйлеу тілі өзгеше”, – дейді.

Петропавл қаласының қалыптасуы қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздігі және бірлігі үшін күрескен ұлы Абылайдың есімімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Петропавл қаласының қазақ халқы үшін тарихи маңызы зор. Ол әлі де зерттеуді қажет етеді.

Серік ДҮЙСЕНОВ,
тарихшы-өлкетанушы.

СУРЕТТЕ: XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қызылжар жәрмеңкесі.

Суретті салған
Сергей РАЙХЕНБЕРГ.

Абылайдың ізі қалған



жылы жазған “Өткен күннің парактары” деген мақаласы бар. Онда мақала авторы былай деп жазады: “Патша өкіметі Петропавлды Орта жүздің саяси орталығы еткісі келді. Осы мақсатта 1782 жылдың 1 қарашасында Уәли сұлтанның Орта жүздің ханы болып тағайындалуына орай салтанатты шара өткізді”, – дейді.

Михаил Бенюхтың облыстық мемлекеттік мұрағатта сақталған “XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанның солтүстігінде тұрғындар қалыптасуының тарихынан” деген мақаласының қолжазбасында былай делінген: “Патша

дың маусымының орта шенінде қурылысшылар әкелінді, – деп жаза келіп, былай деп қорытындылайды: – Бекіністі шатқалдың қазақша атауымен атау туралы сөз болуы мүмкін емес еді – белдеу “көшпелі ордаларды жүгендеу үшін” салынды. Діни атау самодержавиенің саяси мақсаттарын жүзеге асыруға септесті”.

М.И.Бенюх “Қазақ КСР Петропавл қаласының тарихы” деген ғылыми еңбегінде мынадай қызықты дерек келтіреді: “Абылай сұлтанның “Краснояр бекінісінде” сауда-саттық ашу туралы табанды өтініштері нәтижесін берді: 1759

жолы” болғанын, ол “Петропавл бекінісінен басталып, Қаратомар, Көктерек және Шағалалы өзені арқылы өткенін” дәлелдеген.

1771 жылдан бастап хан болған Абылай сұлтанның (1711-1781) әрекеті нәтижесінде Есіл өзенінің бойындағы әскери бекініс қазақ даласындағы ірі сауда-айырбас орталығына айналды, бұл өз кезегінде қаланың пайда болуына және дамуына септігін тигізді. Осы деректің өзі Абылай есімінің Петропавл қаласының тарихында мәңгі сақталуына жеткілікті. Бірақ сол замандағы мемлекеттік идеология кесірінен Абылай ханның